




**Астана қаласы әкімдігінің «Т.Бигелдинов атындағы
№1 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
2024-2025 оқу жылына арналған
оқушылар үшін ішкі тәртіп
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «Т.Бигелдинов атындағы №1 мектеп-лицейінің» оқушыларға арналған ішкі тәртіп Ережесі негізгі қызметі білім беру қызметі болып табылатын (бұдан әрі - мектеп) құжаттар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже оқушылардың оқу тәртібін, мектеп формасы мен оқушылардың сыртқы келбетіне қойылатын бірыңғай талаптарды, оқушылар мен олардың заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттерін, мектеп ғимаратында, мектеп аумағында және барлық мектептен тыс шараларда оқушылардың тәртіп нормалары мен ережелерін анықтайды.

3. Осы Ереженің мақсаты – мектеп қауымдастығының барлық мүшелері арасында өзара құрмет негізінде оқушылардың академиялық және әлеуметтік дамуы үшін қауіпсіз, қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету. Бұл орта мектеп әкімшілігі, педагогикалық қызметкерлер, оқушылар, олардың заңды өкілдері және басқа да мектеп қызметкерлері арасында құрметке негізделген өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Мектептің жұмыс уақыты

4. Оқу жылының ұзақтығы:

1-сыныптар үшін - 33 оқу аптасы;

2-11 сыныптар үшін - 34 оқу аптасы;

5. Демалыс өткізу мерзімдері:

	Күзгі	Қысқы		Көктемгі
		негізгі	қосымша	
1 -сыныптар	28 қазаннан 3 қараша 2024 жылды қоса алғанда	30 желтоқсаннан 8 қаңтар 2025 жылды қоса алғанда	10 ақпаннан 16 ақпан 2025 жылды қоса алғанда	21 наурыздан 31 наурыз 2025 жылды қоса алғанда
2-11 сыныптар	28 қазаннан 3 қараша 2024 жылды қоса алғанда	30 желтоқсаннан 8 қаңтар 2025 жылды қоса алғанда		21 наурыздан 31 наурыз 2025 жылды қоса алғанда

6. Оқу процесін ұйымдастыру

1) Бірінші сабаққа алдын ала қоңырау беру 7.55, 13.55.

2) Сабақтың басталуы: 8.00; 14.00.

- 3) Мектептегі барлық сабақтар мектеп директоры мен мектептің Қамқоршылық Кеңесі бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.
- 4) Сабақ ұзақтығы – 40 минут.
- 5) Дүйсенбі күндері 8.00-8.20 және 14.00 -14.20 аралығында ҚР гимні орындалып, сынып сағаты өткізіледі.
- 6) Сейсенбі, бейсенбі, жұма күндері «8 минуттық көркем әдебиет оқу» өткізіледі.
1-ауысым: 07.50-ден 07.58-ге дейін
2-ауысым: 17.05-тен 17.13-ке дейін
- 7) Үзілістердің ұзақтығын санитарлық нормаларға сәйкес мектеп директоры бекітеді.
- 8) Оқушыларды 7.30 және 13.30 мектеп директоры, директордың ОТ және ТЖ бойынша орынбасарлары, мектеп психологы, кезекші мұғалім карсы алады.
- 9) Кезекші мұғалім сыныппен бірге дәлізде үзіліс кезінде тәртіпті қадағалайды. Кезекшілік уақытында мектеп мүлкінің сақталуын, мектептегі тазалық пен тәртіпті қадағалайды;
- 10) Соңғы сабақтар өткізілген кабинеттерде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері сыныпты тазалап, коқысты жинап, тақтаны жолақ қалдырмай сүртеді, шкафтар мен терезе төсеніштерінің шаңын арнайы шүберекпен сүртеді.
- 11) Мұғалімдер мектепке кірер кезде тазалықты және санитарлық жағдайды сақтау үшін екінші аяқ киім немесе аяқ киім жамылғысын киюге міндетті.

7. Мектеп сабақтары желдің жылдамдығын ескере отырып, келесі температуралық шектеулер бойынша тоқтатылады:

Жел жылдамдығы 2 м/сек-тен аз болғанда:

- 1-4 сыныптарда минус 28 градус және одан төмен болғанда;
- 5-9 сыныптарда минус 32 градус және одан төмен болғанда;
- 10-11 сыныптарда минус 34 градус және одан төмен болғанда;

Жел жылдамдығы 2 м/сек-тен көп болғанда:

- 1-4 сыныптарда минус 23 градус және одан төмен болғанда;
- 5-9 сыныптарда минус 27 градус және одан төмен болғанда;
- 10-11 сыныптарда минус 29 градус және одан төмен болғанда;

8. Ата-аналардың (занды өкілдердің) және басқа адамдардың мектепке келу ережелері:

- 1) Білім беру мекемесіне келуге мектеп әкімшілігімен немесе мұғалімдермен алдын ала келісім бойынша рұқсат етіледі.
- 2) Білім беру мекемесінің қызметкерлері мен бөгде адамдардың мектепке кіруі турникет арқылы жүзеге асырылады.
- 3) Сынып жетекшілері сыныптың ата-аналар жиналысы, ата-аналар комитетінің жиналыстары және бөгде адамдардың қатысуына байланысты басқа да іс-шаралар туралы әкімшілікке және кезекші күзетшіге (вахтаға) алдын ала хабарлауға міндетті, бұл ретте келу журналына міндетті түрде жазба жасалады.
- 4) Бастауыш сынып мұғалімдері ата-аналарға оқу күнінің аяқталуын хабарлап, балаларды ұйымдасқан түрде киіндіріп, мектептен шыққанға дейін шығарып салады.
- 5) Ата-аналар балаларын мектеп есігінің алдында карсы алып, шығарып салады.
- 6) Мектепке келу кезінде **тыйым салынады:**
 - қоғамдық тәртіпті бұзуға;
 - мұғалімдер мен оқушыларды сабақтан шақырып алуға;
 - рұқсатсыз видеотүсірілім және әңгіме жазбасын жүргізуге;
 - қару-жарақтың (оттық, газды, пневматикалық, суық қару), пиротехникалық құралдардың, қорғаныс құралдарының, есірткі заттарының әкелінуіне;
 - темекі шегуге;
 - мектеп қызметкерлерінің жұмысын және оқу-тәрбие процесін бөгеуге;
 - жануарларды алып келуге;
 - сауда жасау және жарнамалық қызметпен айналысуға.

7) Мектеп қызметкерлері келесі жағдайларда келушіні мектептен және оның маңайынан шығаруға немесе арнайы қызметтерді шақыруға құқылы:

- мектеп аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік бұзылуында;
- мектептің айналасындағы аумақта мақсатсыз болу және нысанның калыпты жұмыс істеуіне кедергі жасауда;
- мектеп ғимаратында және оған жақын аумақта орналасқан мүліктің сақталуына қол сұққанда;
- мектеп қызметкерлеріне және оқушыларға дұрыс қарым-қатынас жасамауда;
- келуші өз әрекеттерін бақылай алмай, жанжалдық жағдайлар туғызып, өзінің іс-әрекетімен басқа келушілердің абыройы мен ар-ожданын қорлауда.

8) Ата-аналармен барлық сұқбаттар релаксация бөлмесінде өтеді.

3. Оқушылардың мектеп формасына және сыртқы келбетіне қойылатын талаптар

9. Киім таза, үтіктелген болуы керек, аяқ киім таза болуы тиіс. Сыртқы көрініс қоғамда жалпы қабылданған іскерлік стиль нормаларына сәйкес болуы керек және көңіл аударатын заттардан аулақ болу қажет (шаш, бет және қолдар таза әрі күтімді болуы тиіс, қолданылатын дезодоранттар жеңіл және бейтарап иісті болу керек);

10. Мектеп формасына талаптар: «Орта білім беру ұйымдарының жалпыға міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР 26. бұйрығы. 2-тарау. (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013085>]

- Киім стилі – іскерлік, классикалық.
- Мектеп формасы күнделікті және спорттық болып бөлінеді.

11. Күнделікті форма:

- 1) мектеп формасының түсі – көк;
- 2) 1-11 сынып қыздарына арналған киімдер – пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық блузка, трикотажды кофта/кардиган түймелермен немесе замкпен, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгіл: трикотажды жейде, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбар кең қырқыммен және ұзындығы тобықтарды жабады.

3) 1-11 сынып ұлдарына арналған киімдер: пиджак, жейде, шалбар, парадтық көйлек, күнделікті көйлек, немесе түймелі не сыдырмалы трикотажды свитер/кардиган, поло көйлек немесе тенниска (қысқы кезеңде: трикотажды жилет, водолазка). Ұлдардың шалбарлары еркін пішімді болып, ұзындығы тобықты жабады.

12. Спорттық форма:

Спорттық формаға футболка, спорттық костюм және кроссовка кіреді. Форма ауа райына және дене шынықтыру сабағының өтетін жеріне сай болуы керек. Спорттық костюмдер тек дене шынықтыру сабағында және спорттық шаралар мен жарыстарда киіледі..

13. Оқу уақытында мынадай киім, бас киім және аяқ киімді киюге тыйым салынады:

- спорттық киім;
- спорттық киім немесе оның элементтері (дене шынықтыру сабағынан басқа уақытта)
- әскери форма (ӘД және ТҚ сабағынан басқа уақытта);
- діни киім;
- белсенді демалысқа арналған киім (шорты, толстовкалар, майкалар және футболкалар рәміздермен және т.б.)
- жағажай киімі;
- іш киім стиліндегі киімдер;
- мөлдір көйлектер, белдемшелер мен блузкалар;
- кеудесі ашық жейде мен көйлектер;
- кешкі көйлектер;
- жеңсіз көйлектер, майкалар мен жейделер (пиджак немесе жакетсіз);
- қысқа белдемшелер (белдемше ұзындығы тізеден 10 см жоғары);
- қысқа жейде, іштің немесе арқаның бір бөлігін ашатын;
- денені қатты қысып тұратын шалбарлар, көйлектер, белдемшелер;

- кез келген бас киім (ӘД және ТҚ сабақтарын қоспағанда);
 - спорттық аяқ киім (экстремалды спорт түрлері мен ойын-сауыққа арналған аяқ киімдерді қоса алғанда);
 - жағажай аяқ киімі (шлепанциялар мен тәпішкелер);
 - «кантри» стиліндегі аяқ киімдер (казаки);
 - жоғары платформадағы көлемді аяқ киім;
 - кешкі туфлилер (құлақшалармен, қауырсындармен, ірі стразы, жарқыраған маталардан және т.б.);
 - тым биік өкшелі туфли. Қыздар үшін (5-9 сыныптар) өкшенің максималды биіктігі – 5 см, (10-11 сыныптар) – 7 см аспауы тиіс.
- Мектепте міндетті ауыстыратын (екінші) аяқ киімді кию талап етіледі.

Киім мен аяқ киімде өте ашық түстер, жылтыр жіптер немесе назар аударатын арандатушы экстравагант бөлшектер болмауы керек.

14. Шаштар:

- ұзын шашты қыздардың шаштарын буу, орташа ұзындықтағы шашты шаш қыстырғыштарымен қыстыруы керек;
- ұлдар мен жасөспірімдер – классикалық шаш үлгісі; Шамадан тыс шаш қиюға және шаш үлгісіне, шашты ашық, табиғи емес реңктерге бояуға тыйым салынады

15. Маникюр мен әрлеу:

- Гигиеналық маникюр, түссіз лак қолдану ұсынылады.
- Тыйым салынады: декоративті маникюр; жарқын түстермен дизайнмен маникюр (суреттер, тастар); ашық, қанық түстермен кешкі макияж.
- 9-11 сыныптағы қыздарға жеңіл әрлеу мен маникюр жасауға рұқсат етіледі.
- Пирсинг, көлемді әшекейлер тағуға тыйым салынады

16. Кез келген рәміздері бар аксессуарларға, әлеуметтік бейресми жастар бірлестіктерінің, сондай-ақ психоактивті заттар мен заңсыз мінез-құлықты насихаттайтын заттарға тыйым салынады.

4. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері

17. Оқушылардың құқықтары:

- 1) мектептің білім беру бағдарламасына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) дискриминация, қудалау, қорлау, кемсітушілік және төзімсіздіктен азат, қауіпсіз және қолайлы оқу ортасына;
- 3) оқу-тәрбие процесі туралы, оның ішінде үлгерім туралы ақпарат алуға;
- 4) мектептегі өзін-өзі басқару органдарының жұмыстарына қатысуға;
- 5) спорттық залдар, акт залы, компьютерлік сыныптар, ақпараттық ресурстар, кітапхана және оқу залы, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарын тегін пайдалануға;
- 6) оқу және шығармашылық іс-әрекеттердегі жетістіктері үшін мадақталуға;
- 7) сабақтар арасында үзіліс жасауға, демалысқа;
- 8) мектепте ұйымдастырылатын курстар туралы ақпарат алуға;
- 9) мектеп мамандарынан әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және медициналық көмек алуға;
- 10) белгіленген тәртіппен бір мектептен екінші мектепке ауысуға;
- 11) осы Ережелердің мәтінін өз қалауы бойынша алуға;
- 12) қандай мінез-құлықтың лайықты болып саналатынын және қандай мінез-құлықтың тәртіптік шаралардың қолданылуына әкелуі мүмкін екенін білуге.

18. Оқушылар міндетті:

1) қазіргі Типтік ережелерге, мектептің Жарғысына, мектептің Ережелеріне, Педагогикалық кеңестің және оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының шешімдеріне, техника қауіпсіздігі ережелеріне, өрт қауіпсіздігі ережелеріне бағыну, оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік пен педагогикалық қызметкерлердің талаптарын орындауға;

2) мектепке оқу кестесіне сәйкес келіп, себепсіз сабақтан калмауға;

3) мектептің оқу бағдарламасына сәйкес білім, дағдылар, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге;

4) оқушылар, педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалармен, басқа да мектеп қызметкерлерімен сыпайы және адал болуға;

5) ата-аналарды оқушылардың үлгерімі, тәртібі, қосымша сабақтар бойынша үнемі хабардар етіп отыруға;

6) басқа оқушылардың қадір-қасиетін, тең құқықтарын құрметтеу, басқалардың құқықтарын бұзатын немесе шектейтін әрекеттерден аулақ болуға;

7) мектептің белгіленген киім нысанын сақтауға, өз келбетін бақылауға;

8) өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыда жетілуге ұмтылуға;

9) мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға, оның сақталуын қамтамасыз етуге, оқулықтар мен оқу құралдарын, жабдықтарды (музыкалық аспаптар, оқу құралдары) жұмыс жағдайында ұстауға, оқу орнында тазалықты сақтауға;

10) оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің денсаулығы мен әл-ауқатына қауіп төндіретін жағдайлар туралы әкімшілік пен мұғалімдерге хабарлауға.

19. Мектепте оқу-тәрбие процесіне қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға тыйым салынады:

1) мұғалімнің, сынып жетекшісінің немесе мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз мектепке бөтен адамдарды алып келу немесе шақыруға;

2) сабаққа кір, мыжылған киімде келу, қазіргі ережелерге сәйкес іскерлік стильге сәйкес келмейтін киім кию, әр түрлі фанаттық топтарға, партияларға, діни ағымдарға және т.б. қатыстығын ашық көрсетуге;

3) мектепте және мектеп аумағында темекі, алкогольдік (оның ішінде сыра, джин-тоник және т.б.), есірткі, психотропты және токсикалық заттарды пайдалануға;

4) балағат сөздерді қолдануға;

5) құмар ойындар ойнауға, спекулятивтік операциялар жүргізу. Бұл жағдайда мектеп әкімшілігі оқушының мүлігін заңды өкілдері келгенге дейін алып қоя алады.

20. Ұялы телефондардың ұрлануын және интернеттің кері әсерін болдырмау мақсатында, қысқа мерзімді жоспардың мақсатында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, оқушыларға смартфондарды пайдалануға тыйым салынады. [Білім туралы заң. 47-баптың 10-1-тармағы (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z0700000319>)]

5. Оқушылардың тәртіп ережелері

21. Оқушы сабақ басталуға 15 минут қалғанда мектепке келіп, сыртқы киімін шешіп, ауыстыру (екінші) аяқ киімін киеді.

22. Оқушы сабақта ұқыпты киініп, шашын тарап келеді. Оқушының сыртқы бейнесі іскерлік стильге сәйкес келеді.

23. Оқушы өзімен бірге оқу сөмкесін алып келуі тиіс, онда оқу кітаптары, дәптерлер, күнделік, қаламсаптар мен басқа да оқу құралдары, егер олар сабақтарға қажет болса.

24. Жалпы тәртіп ережелері:

- 1) Қоңырау соғылғанша оқушы сыныпқа кіріп, жұмыс орнына отырып, сабаққа қажетті барлық құрал-жабдықтарды дайындайды. Сабақ қоңырау соғылғанда басталады.
- 2) Оқу сабақтарына кешікпеу керек, қоңырау соғылғаннан кейін сыныпқа кіруге, сыныптан рұқсатсыз шығуға болмайды.
- 3) Себепсіз оқу сабақтарын босатуға болмайды..
- 4) Оқушы сабақты босатқан жағдайда сынып жетекшісінің талабымен дәрігердің анықтамасын немесе ата-анасының (занды өкілдерінің) жазбаша өтінішін ұсынуға міндетті. Оқу процесінен белгілі себептермен (отбасылық жағдайлар, байқауларға, жарыстарға катысу) босату жағдайында оқушы ата-анасының өтінішін немесе сыртқы оқу мекемесінен құжатты алдын ала ұсынуы қажет. Себепсіз сабақты босату, кешігу тәртіп бұзушылық болып саналады.
- 5) Оқушының сабақтан жоқ болған уақытында оқу бағдарламасын өту жауапкершілігі оқушы мен оның ата-анасының (занды өкілдерінің) мойнында болады.
- 6) Сабақ кезінде мектептен шығуға тек сынып жетекшісінің және директордың орынбасарының рұқсатымен болады. Сынып жетекшісі оқушыны ата-анасының (занды өкілдерінің) мектепке келуімен немесе телефон арқылы ата-ананы оқушының сабақтан шыққаны туралы хабардар етеді.
- 7) Мектеп оқушылары үлкендерге, мектеп кезекшілеріне құрмет көрсетуі керек, кішкентай балаларға камкорлық жасауы тиіс. Барлық ересек адамдарға оқушылар «Сіз» деп сөйлеседі. Кіші сынып оқушылары - үлкендерге, үлкен сынып оқушылары – кішкентай балаларға, ұлдар – қыздарға жол береді.
- 8) Оқушылар мектеп ғимаратын, құрал-жабдықтарын және мүлкін сақтауға міндетті.
- 9) Мектеп оқушылары кез келген жерде абыройлы әрекет етіп, өздерінің, ата-аналарының (занды өкілдерінің) және білім беру мекемесінің абыройын төмендетпей жүруі тиіс.

25. Сабақтағы тәртіп:

- 1) Сабақ қоңырау соғылуымен басталады.
- 2) Сабаққа кешігіп келуге жол берілмейді. Сабаққа жүйелі түрде кешігіп келетін оқушылар мектеп әкімшілігіне түсініктеме беруге шақырылады, ата-аналары осындай бұзушылық орын алған жағдайда хабардар болуы керек.
- 3) Қоңырау соғылысымен оқушылар кабинеттегі орындарына жайғасып, сабаққа қажеттінің бәрін дайындауы керек.
- 4) Сабақ барысында оқушыларға осы пән бойынша жұмыс дәптері, сәйкес оқулық немесе оқу құралы, осы сабаққа қажетті жазу және сызу материалдары болуы керек. Мұғалім оқушының сабаққа қандай керек-жарак әкелу керектігін анықтайды.
- 5) Сабаққа қажетті емес заттарды әкелуге болмайды.
- 6) Мұғалімнің талабы бойынша дәптерлерін көрсетуге міндетті.
- 7) Оқушы үй тапсырмасын міндетті түрде орындап келуі тиіс. Белгілі жағдайлармен оқушы дайын болмай келуі мүмкін, бірақ ол алдын ала мұғалімді ескертуі қажет. Келесі сабақта оқушы тапсырманы орындағаны туралы мұғалімге есеп беруі керек.
- 8) Мұғалім сыныпқа кіргенде оқушылар орнынан тұрып, оны қарсы алады.
- 9) Орнында отырып жауап беру тәртібін мұғалім анықтайды.
- 10) Сабақтарда кеңес алуға және көшіруге қатаң тыйым салынған, себебі олар сабақтың дұрыс өтуіне және оқу материалын сапалы меңгеруге кедергі жасайды.
- 11) Оқушылар мұғалімнің түсіндірмелерін және құрдастарының жауаптарын мұқият тыңдауы керек, шуды шығармауы, сөйлеспеуі, алаңдамауы және басқа іс-әрекеттермен айналыспауы тиіс.
- 12) Сабақтың қалыпты өтуін бұзатын әрекеттерге тыйым салынады және олар тәртіп бұзу болып есептеледі. Оған кінәлілер мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіптік жауапкершілікке тартылатын болады.
- 13) Сабақтан өз бетімен кетуге **тыйым салынады**. Сыныптан шығуға тек мұғалім немесе мектеп әкімшілігі рұқсат бере алады.
- 14) Оқушылар тиісті оқу кабинетінде еңбек қауіпсіздігі ережелерін білуге және сақтауға міндетті.

15) Оқушылар барлық үй тапсырмаларын өз күнделіктеріне толық әрі оқуға жеңіл етіп жазуға міндетті.

16) Сабақ кезінде сағыз шайнау – тәрбиесіздік белгісі болып табылады, сондықтан сабақта оны шайнауға болмайды.

17) Сабақтарда байланыс құралдарын, жазба және бейнемазмұнды құралдарды қолдануға тыйым салынады, тек мұғалім алдын ала рұқсат еткен жағдайлардан басқа.

26. Қоңырау кезіндегі және сабақтан кейінгі тәртіп:

Қоңырау уақытында оқушы міндетті:

- тәртіпті сақтауға;
- мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерінің талаптарын орындауға;
- мұғалімнің өтінімімен сыныпты келесі сабаққа дайындауға көмектесуге;

27. Қоңырау уақытында оқушыларға тыйым салынады:

1) басқалардың демалуына кедергі келтіруге, қатты, оның ішінде ұялы телефонмен сөйлесуге, айғайлауға, шу шығаруға;

2) дәліздер мен баспалдақтар бойымен жүгіруге, бір-бірін итеруге, заттарды лақтыруға және кез келген мәселелерді шешу үшін дене күшін қолдануға.

28. Әжетханадағы тәртіп ережесі:

Оқушылар гигиена және санитария талаптарын сақтайды: дәретханаларды мақсатқа сай пайдаланады, дәретхана қағазын қолданады, суды ағызып, қолдарын сабынмен жуады.

Тыйым салынады:

- бөлмені және санитарлық жабдықты бұзуға;
- санитарлық жабдықты және гигиеналық заттарды мақсатқа сай пайдаланбау;
- басқа оқушылармен сөйлесуге немесе әңгімелесуге жиналуға;
- бөлмені мақсатқа сай пайдаланбауға.

29. Мектеп асханасындағы тәртіп ережесі:

1) Оқушылар асханада тек үзілістерде және тамақтану графигіне сәйкес уақыт аралығында болады.

2) Асханада жүгіріп жүруге, секіруге, бір-бірін итеруге, заттарды, тамақ өнімдерін, ас құралдарын лақтыруға, кезекте тұру тәртібін бұзуға тыйым салынады.

3) Тағамдар тек үстелдерде қабылданады. Тұрып тамақтануға немесе асханадан тағамды алып шығуға болмайды.

4) Оқушы гигиена және санитария талаптарын сақтайды:

- тамақтанар алдында және кейін қолдарын сабынмен жууға және құрғатып сүртуге;
- тамақты табаққа салып жейді, үстелдің бетінен жемеуге;
- үстелде лас ыдыстарды қалдырмауға.

5. Оқушыларға асхана үстелдерінің бетіне оқу сөмкелерін, оқулықтарды, дәптерлерді, басқа мектеп жабдықтарын, ауыстыратын аяқ киімдер салынған дорбаларды, спорттық киімдер дорбаларын қоюға немесе орналастыруға тыйым салынады.

6. Оқушылар тамақтану мәдениетін сақтайды:

- абайлап тамақтанып, күйіп қалмауға;
- ас құралдарын тағайындалған мақсатта пайдаланып, жарақат алудан сақтанады;
- тамақтан соң сүлгі пайдаланады;
- тамақтанып жатқанда сөйлеспейді, тамақты мұқият шайнап жейді;
- лас ыдыстарды жуу орнына тапсырады;
- тамақ алған кезде және тамақ ішуді аяқтаған соң асхана қызметкерлеріне алғыс айтады.

6. Мектеп оқушыларын мадақтау

30. Оқушыларды мадақтау мақсаты – оқушыларды оқу іс-әрекетіндегі жоғары нәтижелерге, шығармашылықтағы, спорттағы жетістіктеріне, мектептің қоғамдық өміріндегі белсенділігіне моральдық тұрғыдан ынталандыру.

31. Мадақтау түрлері:

1) бейресми алғыс;

- 2) ресми алғыс;
- 3) қоғамдық алғыс;
- 4) сыйлық немесе диплом беру;
- 5) мақала жариялау бұқаралық ақпарат құралдарында;
- 6) қоғамдық ынталандыру, мысалы, оқушыларды сертификатпен, дипломмен, кубокпен

марапаттау.

32. Қоғамдық ынталандыру сыныпта, мектеп жиындарында, мектеп сап түзеуінде, педагогикалық кеңестерде және т.б. ұйымдастырылуы мүмкін.

33. Мектеп директоры осы Ережелерде қарастырылмаған басқа да ынталандыру түрлерін белгілеуі мүмкін.

34. Жеке (тұлғалық) және жалпы (ұжымдық) сипаттағы ынталандырулар рұқсат етіледі, сондай-ақ оқушыға бірнеше ынталандыру түрлерін бір мезгілде қолдануға болады.

7. Мектеп оқушыларының жауапкершілігі

35. Тәртіптік теріс қылық ауырлық дәрежесіне байланысты 3 түрге бөлінеді:

- 1) аз мөлшердегі;
- 2) маңызды;
- 3) ауыр.

36. Аз мөлшердегі бұзушылықтарға мыналар жатады:

- 1) оқу сабақтары барысында тәртіп бұзу;
- 2) оқу сабақтарына, сап түзеулерге, мектепішілік шараларға жүйелі түрде (токсанда үш реттен артық) кешігу;
- 3) мұғалімнің, мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз мектептен кету;
- 4) сабақтарға, қосымша курстарға, тандау курстарына, үйірмелерге, секцияларға, клубтарға себепсіз қатыспау;
- 5) мектеп формасына сәйкес келмейтін киім кию, ұқыпсыздық, дұрыс киімнің болмауы;
- 6) мектепте бас киім мен сырт киім кию;
- 7) себепсіз үй тапсырмасын орындамау;
- 8) тағам немесе сусындарды арнайы белгіленген орындардан тыс жерде тұтыну;
- 9) асханада, кітапханада, спортзалында, акт залы, мультимедиялық кабинеттерде тәртіп бұзу;
- 10) мектеп ішіндегі және оған жақын аумақта тазалықты сақтамау;
- 11) сабақтарда, сыныптан тыс жұмыстарда оқу процесінен аландататын мобильді телефондарды, электронды ойындарды және басқа да құрылғыларды пайдалану;

12) әдепсіз сөздер мен қимылдарды, дөрекі сөздерді қолдану;

13) академиялық адалдықты бұзу: басқа адамдардың жұмыстарын көшіріп алу, толық немесе жартылай көшіру, түпнұсқа авторға немесе ресурстарға сілтеме жасамай пайдалануға, емтихандарда рұқсат етілмеген заттарды қолдану;

14) мектеп компьютерлерін пайдалану ережелерін бұзу

Маңызды құқықбұзушылықтарға жатады:

- 1) қайталанған кішкентай құқықбұзушылықтарды жасау;
- 2) басқа адамдардың және мектеп мүлкінің бүлінуі немесе зақымдануы;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білмеу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындау ережелерін бұзу;
- 4) мектеп қауымдастығының мүшелері мен мектеп қонақтарының ар-намысына тіл тигізу;

5) мектепке тыйым салынған заттарды әкелу: кару-жарак, жарылғыш заттар, спирттік ішімдіктер, темекі бұйымдары, соның ішінде электронды темекілер, токсикалық және есірткі заттары;

6) мектептің және оның жеке тұлғаларының ар-намысын түсіретін материалдарды тарату;

7) академиялық адалдықты бұзу: келісім бойынша жұмыс орындау (басқа оқушылар үшін жұмыс жасау), көшіріп алу (басқаның презентацияларын және жұмыстарын өз жұмысым деп көрсету), емтихан материалдарын заңсыз алу және пайдалану, басқа адамдардың жұмыстарын көшіріп алу, сондай-ақ өз жұмыстарын басқаларға көшіртуге беру, егер топтық жұмыс көрсетілмеген болса, плагиат, шпаргалкаларды пайдалану;

8) міндетті қоғамдық пайдалы жұмыстардан және шаралардан бас тарту (сынып кабинеттерін, мектеп аумағын және мектепке бекітілген аумақты санитарлық тазалау, әлеуметтік практикалар және т.б.).

38. Ауырларға мыналар жатады:

1) маңызды құқықбұзушылықтардың қайталануы;

2) кез келген адамды тілдік, гендерлік, ұлттық, діни немесе басқа белгілер бойынша кемсітушілік;

3) діни насихат немесе ұлтшылдықты насихаттау;

4) кез келген шылым шегуге, алкоголь, есірткі, басқа зиянды заттарды тұтынуға қатысты болуы; оқу сабақтарына алкогольді, есірткілік немесе уытты масаң күйде келу;

5) кару ұстау;

6) мектеп мүлкін қасақана бұлдіру;

7) мектеп қауымдастығы мүшелеріне зиян келтіру (қорқыту, үрейлендіру, төбелесу, бұзақылық, қорқытып алу, басқалардың мүлкіне вандализм жасау);

8) қасақана ұрлық жасау, басқа адамдардың заттарын олардың рұқсатынсыз және келісімінсіз пайдалану;

9) академиялық адалдықты бұзу: бағаларды, жазбаларды бұрмалау, алдау, емтихан материалдарын заңсыз алу және пайдалану.

39. Тәртіптік жаза қолданудың негізі оқушылардың тәртіптік теріс қылық жасауы болып табылады.

40. Оқушылардың оң мінез-құлқын қамтамасыз ету мақсатында мектеп профилактикалық және педагогикалық араласу шараларын қолдана алады, олар оқушының тәртібін жақсартуға, тәртіп бұзушылықтардың қайталануын азайтуға және мектепте қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді.

41. Тәртіптік жазалау шараларын қолдану құқығы мектеп директорының құзыретінде.

42. Тәртіптік жазалау шаралары жасалған қателіктің ауырлығына, оқушының кінәсінің түрі мен дәрежесіне сәйкес болуы тиіс.

43. Тәртіптік жазалау шараларына мыналар жатады:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- мектепішілік бақылауға қою;
- ПДН-ге есепке қою.

8. Оқушылардың заңды өкілдерімен өзара әрекетті ұйымдастыру

44. Мектеп директоры мен педагогикалық қызметкерлердің заңды өкілдерімен өзара әрекеттестігін ұйымдастырудың міндеттері болып табылады:

1. ата-аналардың белсенді педагогикалық көзқарасын қалыптастыру;
2. ата-аналарды педагогикалық білімдер мен дағдылармен қаруландыру;

3. ата-аналардың балаларды тәрбиелеу ісіне белсене қатысуы.

46. Мектеп директоры мен педагогикалық қызметкерлердің заңды өкілдерімен өзара әрекеттестігін ұйымдастыру мынадай жағдайларды қамтиды:

- 1) отбасы жағдайын зерттеу, оның балаларды және сыныптағы балаларды тәрбиелеуге мүмкіндіктерін анықтау;
- 2) отбасыларды моральдық потенциалдарына қарай топтастыру, баланы, сыныптағы балаларды тәрбиелеудегі мүмкіндіктерін бағалау;
- 3) бірлескен тәрбиелеу қызметінің аралық және соңғы нәтижелерін талдау.

Директор мен педагогикалық қызметкерлер заңды өкілдерге балалардың тәртіптері туралы хабарлап, олардың теріс мінез-құлқын түзету және қайталануларын болдырмау мақсатында бірлескен шаралар қабылдауы тиіс.

Оқушылардың заңды өкілдерімен консультативтік әңгімелесуді мектеп өкілдері оқушылардың өздерінің қатысуымен жүргізеді.

9. Мектеп оқушыларының заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері

47. Заңды өкілдері құқылы:

- 1) мектептік өзін-өзі басқару органдарының жұмысында қатысуға;
- 2) баласының оқу үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;
- 3) баласының мүддесін және құқықтарын қорғауға;
- 4) баласын басқа мектепке ауыстыруға;
- 5) оқушыларға қосымша білім беру қызметтерін келісімшарт негізінде алуға.

48. Заңды өкілдері міндетті:

- 1) осы Ережелерді сақтап, мектеп Жарғысында белгіленген талаптарды орындауға;
- 2) мектепке баланы оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;
- 3) балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамқорлыққа алу, оларды зиянды әдеттерден қорғау;
- 4) балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайлы жағдайлар жасау, олардың интеллектуалдық және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, моральдық қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 5) баланың оқу кестесі мен күнделікті оқу жүктемесін білуге;
- 6) баланың мектепке уақытында келуін қамтамасыз ету, сабақ басталғанға кемінде 15 минут бұрын келуі керек, себебі жиі кешігу оқу процесіне кедергі келтіреді;
- 7) оқушылардың оқу процесіне қатысы жоқ заттарды мектепке әкелмеуін қадағалауға;
- 8) сабақ кезінде балаларды мобильді телефондармен мазаламау;
- 9) баланың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету, егер сабақтар себепті босатылса (дене шынықтыру сабақтары да кіреді), растайтын құжаттарды ұсынуға;
- 10) ата-аналар жиналыстарына қатысу және әр тоқсанда баланың табелындағы үлгеріміне қол қоюға;
- 11) мұғалімдермен байланыс орнату, баланың күнделігін күн сайын тексеріп, аптаның соңында оған қол қою;
- 12) педагогикалық қызметкерлермен кездесу тек алдын ала келісім бойынша және оқу уақытынан тыс кезде;
- 13) міндетті профилактикалық егуге қарсы болса, мектептің медициналық кабинетіне медициналық анықтама немесе мектеп директорына жазбаша бас тарту хатын ұсынуға;
- 14) мектептің ата-аналар комитетіне сайлау және сайлану құқығын пайдалануға;
- 15) мектеп жұмысын жақсартуға ұсыныстар айтуға;
- 16) мектеп дәстүрлерін және абыройын қолдауға;
- 17) мектеп мұғалімдерінің және басқа да қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- 18) мектепке келтірілген зиянды (мүлік пен жабдықтарды бұзу) бала әрекеттерімен байланысты зиянды өтеу;
- 19) мектеп аумағына жақын жерлерде жол қозғалысы ережелерін сақтау, апаттардан сақтану үшін мектепке кіреберісте автокөліктерді тұраққа қоюға.

10. Даулы мәселелерді шешу

49. Оқушылар мектеп әкімшілігіне дербес немесе заңды өкілдері арқылы хабарласуға құқылы:

1) оқу-тәрбие процесін жетілдіру, оқытудың сапасы, кітапхана, асхана, медициналық қызмет және басқа құрылымдық бөлімшелермен пайдалану тәртібі, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және басқа да оқушылардың мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша өтініштер;

2) оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне қатысты шағымдар.

Оқушылардың немесе олардың заңды өкілдерінің дау туғызатын мәселелер бойынша өтініштерін қарастыру үшін өтініште мәселенің мәні нақты фактілермен баяндалуы қажет.

50. Анонимді өтініштер мектеп әкімшілігімен қарастырылмайды.

51. Мектеп директоры оқушылар мен олардың заңды өкілдерін жеке қабылдауды айына кемінде бір рет, жеке мәселелер бойынша қабылдау кестесіне сәйкес өткізеді.

11. Қорытынды ережелер

52. Осы Ереже мектеп қауымдастығының барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады: мектеп оқушылары, олардың заңды өкілдері, мектеп әкімшілігі, педагогикалық қызметкерлер және басқа да мектеп қызметкерлері.

53. Осы Ереже мектепте көрнекті жерде барлығының танысуы үшін ілінеді.

54. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер мектептің бекітілген нормативтік актілері мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.